

«Бекітемін»

Мектеп директоры : Жыл Утебаева Ж.Б

« 01 » 09 2021 ж.

*Педагог – психологтың 2021-2022 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары*

Педагог – психологтар: А.К Отебаева А.К
Б.С Қожаназарова Б.С

2021-2022 оқу жыл

**«Жалпы білім беретін Шахта мектебі» КММ-сінің педагог-психологінің психологиялық қызмет бойынша
2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

Мақсаты: Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, олардың өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, оң дүниетанымын және ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыда көмек көрсету;
- Білім алушылардың асоциалды және аутодеструктивті жүріс-тұрыс көріністерін анықтау және алдын алу;
- Педагогтарға әлеуметтік-психологиялық диагностика негізінде білім алушылармен жеке жұмыс жасаудың тәсілін ұйымдастыру процесінде көмек көрсету;
- Білім беру процесі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктерін арттыру.

I. Диагностикалау

№	Іс-шаралары	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	1,5 сынып оқушыларының бейімделуін бақылау ПК қаралады А) «Кішкентай адам» суреттік тесті Ә) «Суреттік тест» Б) «Менің сыныбым» В) «Мектепке қарым-қатынасым»	Суреттік тест , сауалнама Кесте толтыру	1 сынып 5-сынып	Қыркүйек- Қараша		Ақпаратлама
2	1.«Суицидке бейімділіктің алдын алу» 3.Королева тесті 2. «Сен өз құқығыңды білесің бе?» 3.«Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?»	Сауалнама Сауалнама	5-11 сыныптар	Қазан		Ақпаратлама
3	1. «Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша сауалнамсы	Сауалнама	8 сыныптар	Қараша		Хаттама
4	1.«Климов» тест 2. 4-ші сынып оқушыларының психологиялық танымдық қабілеттерін анықтау	Тест Сауалнама	9-11 сыныптар 4сыныптар	Ақпан		Ақпаратлама Ақпаратлама

	2-3 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау	Әдістеме	2-3 сыныптар	Желтоқсан		Ақпарлама
5	Үлгерімі төмен оқушылар тұлғасының танымдық сферасын зерттеу	Сауалнамасы	Сұраныс бойынша	Жыл бойы		Ақпарлама

II. Түзету-дамыту жұмысы

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1.«1 сыныптың бейімделу» сауалнамасынан кейінгі түзету жұмыстары. 2.Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс	Тренинг, жеке сабақтар	1 сыныптар ЕБҚ оқушылар	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	Психологиялық сабақтар Суицидке бейімділіктің, бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын-алу сауалнамасы бойынша жұмыс ДЖК қаралады	Тренинг Жеке сұхбат	5 сыныптар	Қазан Қараша		Ақпарлама
3.	1. «Психология мәдениеті» 2. «ҰБТ-ға сеніммен барайық!»	Дәріс- тренинг Тренинг	Қыз балалар 11-сынып	Тоқсан сайын		Ақпарлама
4	Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары	Жеке сабақтар	ЕБҚО	Жыл бойы		Ақпарлама Ақпарлама
5	1.ОЖСБ алдында оқушыларды жүйкелік-психологиялық қысымдардан арылту мақсатында дәріс жүргізу 2. «Қарым-қатынасты нығайтуға арналған жаттығулар»	Дәріс-сабақ Тренинг	4,9сынып 3,4сынып	Желтоқсан		Ақпарлама
6	1. Дарынды балалармен психологиялық жұмыс	Тренингтер	Дарынды оқушылар	Жыл бойы		Ақпарлама
7	1.«Өзіңе деген махаббат - өмірге деген махаббат»	Тренинг	11 сынып	Наурыз		Ақпарлама
8	1.« Ең маңызды таңдау» 2.«Көңіл- күйіңді көтеріп қуана біл!»	Тренинг Дәріс	9,11сынып 8сынып	Сәуір		Ақпарлама

9	1.«Алақай, мен оқушымын!»	Тренинг	МАД сыныбы	Мамыр		Ақпарлама
---	---------------------------	---------	------------	-------	--	-----------

III. Профилактика және психологиялық ағарту

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1.1-сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес. 2. 5 сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес. 3. 11сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес.	Кеңес беру	1, 5, 11 сынып ата-аналары	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	1. Жас мамандарға кеңес сұраныс бойынша.	Кеңес беру	Жас мамандар	Қазан		Ақпарлама
3.	1.« Антистресс» 2.«Отбасы құндылығы»	Тренинг	Мұғалімдер Ата-аналар	Қараша		Ақпарлама
4	1. «Көңіл-күй жаттығулары» 2.«Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез құлықтың алдын алу» бағдарламасы негізінде «Қауіп-қатер тобына алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізу, кеңес беру. 3. «Баланың жас ерекшелігіндегі психологиялық өзгерістер»	Тренинг Кеңес беру Тренинг-сабақ	3,4 сынып 8сыныптар 5сыныптар	Желтоқсан		Ақпарлама
5	1. «Құқықтық мәдениетті қалыптастыру»	Дәріс-тренинг	6-7сыныптар	Қаңтар		Ақпарлама
	1.«Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай білде талап қыл!» 2.«Мейірімді болса жүрек орындалар тілек»	Тренинг	9,11сыныптар Ұжымға	Ақпан		Ақпарлама
6	1.Мұғалімдерге психологиялық кеңес беру.	Кеңес беру	Мұғалімдер	Жыл бойы		Ақпарлама
7	1.«Рухани жаңғыру»бағдарламасын негізге ала отырып, Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық –мейірімділік бұлағы»	Тренинг	Ата-аналар	Наурыз		Ақпарлама
8	1.«Үлгерімі төмен оқушылармен дамытушылық тренингтер	Тренинг	1-10 сынып	Жыл бойы		Ақпарлама

IV. Консультация беру

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1. 1- сынып ата-аналарына арналған консультация.	Кеңес беру	1 сынып ата-аналары	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	1. «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» 2. 11 сыныптар ата-аналарына арналған консультация.	Кеңес беру	Жас мамандар Ата-аналар	Қазан		Ақпарлама
3.	1.«Жасөспірімдердің физикалық- психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша жасөспірімдерді сауалнамаға қатыстыру үшін ақпараттық келісім алу мақсатында ата-аналармен жиналыстар өткізу.	Жиналыс, түсіндіру жұмысы	8 сынып ата-аналары	Қараша		Хаттама Ақпарлама
4	1.«Жасөспірімдердің физикалық- психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша оқушыларға дәріс оқу	Дәріс, түсіндіру жұмысы	8 сыныптар	Үнемі		Ақпарлама
	1.«Әріптестік қарым-қатынас» 2. «Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтың алдын алу»	Тренинг Дәріс Кеңес беру	Жас мамандар Ұжымға 5-11 сыныптар	Желтоқсан Жыл бойына		Ақпарлама
5	1. Ата-аналарға сұраныс бойынша психологиялық кеңес.	Сұраныс бойынша	Ата-аналар	Жыл бойы		Ақпарлама
6	1 «Қарым-қатынас жарасымы»	Тренинг	Ұжым	Наурыз		
7	1. «Өмірдің бақытты сәттері »	Дәріс-сабақ	11 сынып	Сәуір		Ақпарлама
8	4-сынып ата-аналарына кеңес	Кеңес беру	Ата-аналар	Наурыз		Ақпарлама
9	«Психологиялық көмек» ашық есік күні	Кеңес беру	Ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер	Жыл бойына		Ақпарлама

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1. «Қыз бала тәрбиесі мен тазалығы» 2. «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын»	Дәріс Тренинг	7-11 сыныптар 9-10 сыныптар	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	1. Оқушыларды қоғамдық жұмыстарға атсалыстыру	Қоғамдық жұмыстар	1-11 сыныптар	Жыл бойы		Ақпарлама
3.	1. Балалардың коммуникативті қарым-қатынасын дамытуға арналған жаттығулар	Тренинг	5-6 сыныптар	Қараша		Ақпарлама
4	1.«Сеземіз, танымыз, ойнаймыз »	Жаттығулар	Бастауыш сынып оқушылары	Желтоқсан		Ақпарлама
5	1.«Қыздар гигиенасы» 2.« Жыныстық қмір дегеніміз не?» 3.«Ерте жүктіліктің алдын алу»	Дөңгелек үстел Дәріс-тренинг	7-11 сынып қыздары	Ақпан		Ақпарлама
6	1.ПМПК мектеп консилиумының отырыстары	Жоспар бойынша	Сынып жетекшілер	Уақытында		Анықтама
7	1.«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды!»	Дөңгелек үстел	5-11 сыныптар	Наурыз		Ақпарлама
8	1.«Ата-ананың педагогикалық –психологиялық күзінеттілігі бала саулығының кепілі»	Дәріс-сабақ	Ата-аналарға	Сәуір		Ақпарлама

**Жалпы білім беретін Шахта мектебінің
2021-2022 оқу жылы бойынша педагог-психологтарының жылдық
жұмысына
Ақпарат**

2021-2022 оқу жылын 1-11 сынып 706 оқушы, МАД сыныбын 36 оқушымен бастады. Оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен ұйымдастырылған іс-шаралар «ЖББ Шахта мектебі» КММ-сінің фейсбук, инстаграм парақшасына салынып, мектеп сайтына жүктеліп отыр.
<https://www.instagram.com/shakhtamektebi?igsh=em9xd2Zja3U2ZGxs>
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100011596277758&mibextid=ZbWKwL>

Мектебімізде педагог-психолог қызметі бойынша 2 психолог жұмыс атқарады.

Педагог-психолог: Отебаева Асем Кызыкбаевна

Педагог-психолог: Қожаназарова Бибіфатима Сарниязқызы

Жұмыс барысында басшылыққа алынатын құжаттар:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы.

- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы;

- Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы «15» мамырдағы № 115 қаулысымен бекітілген «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;

- Маңғыстау облысы білім басқармасының 08.12.2020 жылғы № 130-нқ бұйрығына сәйкес «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Б.Алтынсарин «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі» 2016ж;

- Бала құқықтары туралы Конвенция;

- ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексі;

- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы 2011ж

- ҚР «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және бақылаусыздық пен панасыздықтың» алдын-алу;

- ҚР «Білім туралы» Заңы

- ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық логикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңы

Мектептегі психологиялық қызметі –

Мақсаты: Оқушының білім алу кезіндегі оқу дағдысын, қабілеттілігін анықтап, психологиялық жұмыстар жүргізе отырып, оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыруға психологиялық қолдау көрсету;

Әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары, міндеттері және оны жүзеге асыру формалары бойынша 5 бағытта жұмыс жүргізіледі.

I. Психологиялық диагностика

II. Психологиялық азарту (профилактика)

III. Психотүзету (психокоррекция)

IV. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу


V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс (әдістемелік көмек)

Психологиялық қызмет іс-әрекетінің жылдық жұмыстарының негізінде 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Іс-шара жоспарындағы жоғарыда келтірілген бес бағыт бойынша атқарылатын жұмыстарға бөлінді.

I. Диагностикалық жұмыстар:

Мақсаты: мектеп оқушыларының білімге, мектепке деген қарым-қатынасын анықтап, білім алуына кедергі келтіретін келеңсіз жағдайларды диагностикалау және алдын алу.

1.1-сынып оқушыларынан оқу жылының басындағы бейімделу үдерісінің өтуін бақылау мақсатында Керн Иерасек әдістемесі бойынша «Кішкентай адам» суреттік тестте сурет салғызып, салынған суреттерді бағалау нәтижесінде олардың мінез-құлқын және сабаққа қызығушылығын, мектепке келгендегі көңіл күйін анықтадық. Сауалнамаға 1 сынып оқушылар арасынан 91 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша мектепті қабылдай алмай отырған оқушылар жоқ.



2. 5-сынып оқушыларынан бейімделу деңгейін бақылау, оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканов әдістемесі бойынша сауалнама алынды.

«Менің сыныбым» тестісі бойынша сауалнамаға 68 оқушы қатысып, қарым-қатынасы қалыпты деңгейде екені анықталды.

«Мектепке қарым-қатынасым» тестісі бойынша 68 оқушы сауалнамаға қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың ортаға бейімделуі қалыпты деңгейде екені анықталды.

3. Сонымен қатар Королеваның «Суицидке бейімділігін анықтау» сауалнамасын жүргіздік. Суретті бояу арқылы бала деңгейі анықталды. Бұл сауалнамаға 5-11 сыныптардан 356 оқушы қатысып, оқушылардың суицидке бейім емес сонымен қатар өмірге деген құлшыныстарының жоғары екені анықталды.

4. «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға барлығы 5-11 сынып арасынан 344 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар бейтаныс адамдардан сескенетіндіктерін, қауіптің бәрі көшеде болатындығын, қиын жағдайда ата-аналарынан көмек күтетіндігін, қандайда бір келіспеушіліктер мен сұрақтар туындағанда сынып жетекшісінен, психологтан, ата-анадан көмек сұрайтындығын жазып өткен. Оқушылардың өз ортасында зорлықсыз өмір сүріп отырғандығы анықталды.

Зорлық деген сөзді қалай түсінесің?	Сенің ойыңша, қай жерлерде, кімнен бала қорлық-зорлыққа тап болуы мүмкін?	Қиын жағдайда не істейсің?	Жазалау барысында қандай шара қолданады?	Әке-ананың жазалауымен келісесің бе?	Бір нәрсеге ашуланып, сенен өш алған уақыттары болды ма?	Өз жаңуыңда паналы, сүйікті екенінді сезінесің бе?	Егер адам зорлыққа тап болса, кімнен көмек сұрай алады?	Өзің ата-ана болғанда өз балаларыңды жазалайсың ба?	Ата-анаңмен қарым-қатынасың қандай?
Мәжбүрлеу, қорқыту, кемсіту 17,4% Адам ұрып-соғу, қинап сөз сөйлетеу 0,9% Адам құқығына қысым жасау 16,8% Қорқыту 4,6% Тек күш көрсету 22% Барлық жауабы 15,4% Қол жұмсау 19,2% Қинау 0,6% Өмір сүруге қауіп төндіру 2% Барлық балаларға зиян келтіру 0,3% Барлығы еркін өмір сүруге міндетті 0,3% Бала еркін өсе алмауы 0,3%	Бейтаныс адамдардан сақ болу 56,9% Мектептегі оқушылардан, достарынан 0,6% Көшеде бейтаныс адамдардан 28,1% Білмеймін 0,6% Ешкімнен 0,3% Көшеде 13,4% Мектептегі оқушылардан 0,6%	Өз проблемаларды өзін ешкімін 18,9% Әке-анамнан көмек сұраймын 72,9% Білмеймін 0,3% Ешкіммен ақылдаспаймын 0,3% Психологқа жолығамын 3,8% Ата-анамды мазалағым келмейді 0,6% Шыдауға тырысамын 1,2%	Дұрыс еместігін түсіндіргісі келеді 48,5% Ұрады, ұрысады 0,6% Еш уақытта жазаламайды 20,9% Ұрысады 27% Жаза қолданбайды 1,45% Телевизор, компьютер қарауға тыйым салады 0,3% Ақша бермейді 0,9% Ұрады 0,3%	Жоқ 42,7% Иә 53,8% Мені жазаламайды 1,7% Білмеймін 1,16% Өз қатем болғанда жазалауға келісемін 0,6%	Еш уақытта 72,9% Кейде 6,1% Иә 0,6% Жоқ 19,7% Айта алмаймын 0,3%	Иә 93,9% Жоқ 6,1%	Ата-анадан 46,7% Достарымнан 26,6% Өз жауабы 26,6%	Жоқ 78,5% Иә 15,7% Кейде 0,3% Еш уақытта 5,5%	Жақсы қар-қат 76,7% Ата-анам дос 15,4% Түсінбеушілік даулар болады 2,6% Ата-анам досым, жақсы қар-қат 4,9% Ешқандай қар-қат жоқ 0,3%

8- сыныптарға «Балалық шақты бірге қорғайық!» тақырыбында тренинг өткізіліп, оған 27 оқушы қатысты. Сондай-ақ «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында 5,6 сыныптар арасында тренинг ұйымдастырылды, 120 оқушы қатыстырылып, белсенді атсалысып, өз пікірлерін білдіріп кері байланыс жасады.

5. 1-сыныптың ата-аналарына «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» тақырыбында тренинг өтті. Тренингке 23 ата-ана қатысты. Тренинг өз мақсатына жетті.

6. «Сен өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасына 5-11 сынып арасынан 344 оқушы қатысты. Оқушылар мектептен зорлық –зомбылық крмегендіктерін, өз құқықтарын нақты білетіндіктерін, келеңсіз жағдайға тап болғанда қайдан және кімнен көмек сұрайтындықтарын, сонымен бірге олардың құқықтарын бұзбағандықтарын анық, нақты жазып өткен.

7. «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 63 ата-анаға дәріс жүргізілді. Сауалнама алуға қарсы ата-ана болған жоқ. Мектеп бойынша 8 сыныптарда 63 оқушы. Сауалнамаға барлық 63 оқушы қатысты.

Сауалнама нәтижесі бойынша қорытындысы

	Сен өз құқығыңды білесің бе?	Балалар құқықтары жөніндегі Конвенцияны білесің бе?	Балалар тең құқыққа ие ме?	Қайсы құқықты маңызды деп есептейсің?	Өз құқықтарың туралы ақпаратты қандай дерек көздерінен аласың?	Сіздің құқығыңыз бұзылады ма?	Сіздің құқығыңызды кім жиі бұзады?	Мектепте саған зорлық-зомбылық жасалды ма?	Сіздің құқығыңыз бұзылған жағдайда қайда байланысуға болады?	Балаларға қандай жаза қолдануға жол берілмеу керек деп есептейсіз?	Бала түнгі уақытта (22:00-ден 6:00-ге дейін) тұрғылықты мекен жайынан жырақта заңды өкілдерінің қарауынсыз жалғыз бола алады ма?	Ата-анаңыз «бала құқығы» туралы сөйлесе ме?
	Білемін 95,9% (330оқушы) Білмеймін 1,4% (5оқушы) Жауап беруге киналамын 2,7% (9оқушы)	Білемін 72,1% (248оқушы) Білмеймін 26,7% (92оқушы) Жауап беруге киналамын 1,1% (4оқушы)	Иә 89,2% (307оқушы) Жауап беруге киналамын 1,4% (5оқушы) Жоқ 9,3% (32оқушы)	Денсаулығын сақтау 28,2% (97оқушы) Барлығы 52,9% (182оқушы) Білім алуға 16,8% (58оқушы) Қоғамдық өмірге 2,1% (7оқушы)	Ата-анадан 51,5% (177 оқушы) Мұғалімнен 31,9% (110оқушы) Интернетте 16,3% (56оқушы) Достардан 0,3% (1оқушы)	Иә 3,2% (11оқушы) Жоқ 94,7% (326оқушы) Жауап беруге киналамын 2,1% (7оқушы)	Жауап беруге киналамын 33,1% (114оқушы) Құрдастар 10,2% (35оқушы) Заң өкілдері 9,3% (32оқушы) Ата-аналар 2,1% (7оқушы) Мұғалімдер 2,9% (10оқушы) Ешкім 42,4% (146оқушы)	Жоқ 100 % (344оқушы)	Балалардың құқығын қорғау комитетіне 31,1% (107оқушы) Ата-анаға 55,5% (191оқушы) Сынып жетекшісіне 8,2% (28оқушы) Милицияға 5,2% (18оқушы)	Аталғандардың барлығы 48,9% (168оқушы) Ұрып-соғуға 43,3% (149оқушы) Сөзбен балағаттауға 7,8% (27оқушы)	Жоқ 87,5% (301оқушы) Жауап беруге киналамын 6,7% (23оқушы) Иә 5,8% (20оқушы)	Жауап беруге киналамын 3,8% (13оқушы) Иә 75,6% (260оқушы) Жоқ 20,6% (71оқушы)
Өз-өзіне қасақана зиян келтіру	Эмоционалдық белгілер	Мінез-құлыққа қатысты қиындықтар	Гипер белсенділік	Қатарластарымен қарым-қатынастар	Әлеуметтік талаптарға сай емес мінез-құлық	Жалпы қиындықтар	Депрессия	Стресс	Үрей			
Қалыпты -63	Қалыпты - 63	Қалыпты -59	Қалыпты -62	Қалыпты - 51	Қалыпты -33	Қалыпты -62	Қалыпты - 59	Қалыпты -62	Қалыпты -59			

	Шекаралас -0	Шекаралас -2	Шекаралас -1	Шекаралас -10	Шекаралас -8	Шекаралас -1	Жеңіл -0	Жеңіл -1	Жеңіл -3
	Ауытқу-0	Ауытқу-1	Ауытқу-0	Ауытқу-2	Ауытқу-22	Ауытқу-0	Орташа -4	Орташа -0	Орташа -
							Ауыр-0	Ауыр-0	Ауыр-1

7. Климов әдістемесі бойынша оқушылардың кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында жүргізілді. Әдістемеге 9 бен 11 сынып оқушылары арасынан 73 оқушы қатысты. Талдау нәтижесінде адам- табиғат бағыты бойынша 18оқушы, адам-техника бағыты бойынша 15оқушы, адам-адам бағыты бойынша 23 оқушы, таныс жүйе бағыты бойынша 7 оқушы, көркемдік – бейне бағыты бойынша 10 оқушы анықталды.

8. 2-4 сынып оқушыларының психологиялық танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында тест алынды. Тестке 2-4 сыныптар арасынан 236 оқушы қатысты. Оқушылардың көпшілігінің зейіні, қабылдауы, есте сақтауы қалыпты деңгейде болса, ішінара ортадан төмен деңгейде анықталған оқушылар да болды. Бұл оқушылар сынып жетекшілеріне ескертіліп, психологиялық қолдау көрсетілді.

9. 1-10 сынып оқушылары арасында үлгерімі төмен оқушылармен жыл бойы жұмыстар жүргізіліп, дамытушылық тренингтері өткізілді.

II. Түзету дамыту жұмыстары.

Мақсаты: Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

1. 1 сынып оқушыларына саусақ жаттығулары жүргізілді. Саусақ арқылы қол моторикасын дамыта отырып, зейінін, қабылдауын арттыру. Бұл жаттығуға оқушылардың белсенділігі жоғары болды. Жаттығуды қайталауда жылдамдық пен қатесіз орындау мүмкіндіктері жоғары болды. Барлығы 90 оқушы қамтылды.

1-сыныптарға «Мен мектепке барамын» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Сыныптардан 89 бала қамтылды.

2. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілген жұмыстар. «Мен жеңімпазбын», «Өз орныңды тап», «Зейінді бол», «Дайын бол», «Құлақ-мұрын» Мақсаты: зейінді тұрақтандыру, есте сақтау қабілетін дамыту.

3. 5-сыныптарға арналған психологиялық сабақтар. «Мен 5-шы сыныптамын» тақырыбында тренинг-жаттығулар жүргізілді. Барлығы 57 бала қамтылды. Сонымен бірге психологиялық кеңестер, бейімделуге байланысты сергіту жаттығулары жүргізілді.

4. «Суицидке бейімділіктің, бала құқығы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбындағы ақпараттық науқан аясында 5,6,7 сынып жетекшілерімен «Мектеп және мектептен тыс ортада психологиялық (эмоционалдық) және физикалық зорлық-зомбылық (буллинг) мәселелері бойынша талқылау ұйымдастырылды. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, өз кәсіптеріне деген қызығушылықтарын жандандыру мақсатында тренинг ұйымдастырды. Жоғары сынып оқушыларының ата-аналарына «Отбасындағы бала тәрбиесі: зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

8сынып оқушыларына «Көңіліңді кктеріп қуана біл!» атты дәріс –сабақ өткізілді. Дәрісте депрессия, стресс, үрей , қорқыныш туралы ақпараттар беріліп, оның алдын алудың әдіс-тәсілдері ұсынылды. Оқушылар тарапынан кері байланыс болды. Өз пікірін өте жақсы жеткізіп, қорқынышты жеңудің тәсілдерін көрсете білді, сенімділік орнады.

5. 11-сынып оқушыларына ҰБТ ға сенімділік мақсатында «ҰБТ-ға сеніммен барайық!» тақырыбында терненинг өткізілді. Тренингке 33 оқушы қамтылды.

6. «Психология мәдениеті» тақырыбында мектеп қыз балаларына тренинг-сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: қыз бала тәрбиесінің маңыздылығы мен әдебін ұғыну. Қыз балаларға мәдениеттіліктің негізінде жүріс-тұрыс әдебін қалыптастыруға әдіс-тәсілдер ұсынылды. Дәріс-сабаққа 243 қыз бала қамтылды. Кері байланыс болды. Пікір алмасу, сөз сөйлеу, жаңа ақпарат алмасу, әдіс-тәсілдер үйрену болды.

7. ОЖСБ алдында 4 және 9 сынып оқушыларын психологиялық дайындау мақсатында дәріс-тренинг жүргізілді. Дәрістің мақсаты оқушыларды қобалжудан, ішкі қорқыныштар арылту болды. Дәріске 97оқушы қамтылды. Қобалжудың алдын алуда жүргізілген практикалық жаттығуларды өте жақсы орындап шықты.

3-4 сынып оқушыларына қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг ұйымдастырылды. Тренингке 148 қатысты. Оқушылардың бойында үйлесімді достық қарым-қатынастың нышаны байқалды.

8. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен түзету – дамыту жұмыстары барысында жеке сабақтар өткізілді.

9. «Өзіңе деген махаббат, өмірге деген махаббат» тақырыбында 11 сынып оқушыларына тренинг жүргізілді. Тренинге 34 оқушы қамтылды. Тренингтің мақсаты болашақ өмірге деген құлшынысты арттыру, өз өмірін бағалай білуге шақыру. Тренинг барысында жағымды ойлар, маңызды пікірлер, жаңа ақпараттар, мотивациялық видеороликтер болды.

10. 9 және 11-сыныптарға «Ең маңызды таңдау!» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: мамандық әлемі туралы ақпарат беру, өзін-өзі тану шекарасын кеңейту. Тренингке 90 бала қатысты. Сүйікті мамандықтары туралы ақпарат алып, өздеріне жақын мамандық туралы өз пікірлерін білдірді.

11. «Менің балам көшбасшы» тақырыбында ата-аналарға тренинг жүргізілді. Тренингтің мақсаты балаға деген мейірім мен қолдаудың қажеттілігін көрсету болды. Ата- аналар тарапынан кері байланыс болды. Аналар мейірімділік отбасынан басталатынын айтып өтті.

12. 7-17 ақпан аралығында 5-11 сынып оқушылары арасында «Өмірге «Иә» деп айт!» атты онкүндік шарасы өткізілді. Шараға 349 оқушы қамтылды. Мақсаты: өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынаста болуын қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру,түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу, бір-бірімен қарым-қатынас машығын қалыптастыру, қайырымдылыққа, білімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

13. «Алақай, мен оқушымын!» тақырыбында МАД тобы оқушыларына тренинг жүргізілді. Кішкентай балақайлардың бір –бірімен қарым-қатынасы, ортадағы орны, өзін оқушы сезінуі негізінде жаттығулар жүргізілді.

Жаттығуларға балақайлар белсене атсалысып, өзінің кім екендерін айтып өтті. Барлығы 36 балақай қамтылды.

14. «Бала бақыты – бар бақыттың бастауы» тақырыбында аудандық фестиваль өткізілді. Фестивалға мектебімізден 10 оқушы қатысты. Фестивальдің белсенді қатысушылары болды. Барлық тренинг-жаттығуларға белсене атсалысып, алғыс хатпен марапатталды.

III. Профилактикалық ағарту жұмыстары:

Мақсаты: Психологиялық ағарту жұмыстары арқылы оқушылардың өзіндік тұлғалық дамуымен адамагершілік қасиеттерін қалыптастыру.

1. 1,5 сынып оқушыларының бейімделуіне ата-аналарына психологиялық тренинг жүргізілді және кеңестер жазылған 112 брошюралар таратылды. 1,5,11 сыныптарының ата-аналар жиналысында психологиялық кеңестер, әдіс-тәсілдер ұсынылды. Адаптацияның бала бойында қалыпты өтудің маңызыдылығы айтылып, күнделікті өмірде балаға дәрумені мол жемістер беріп тұру, жағымды эмоциямен қабылдау, қарсы алу, баланың әрбір әрекетіне пікір білдіру ұсынылды.

2. 11 – сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыстар ұйымдастырылып, ҰБТ ға байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

3. Ерекше білімді қажет ететін балалардың ата - аналарына көмек және қолдау көрсету мақсатында кеңес берілді.

4. «Құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында 6-7 сынып оқушыларына дәріс-тренинг ұйымдастырылды. Дәріс-тренингке 119 оқушы қамтылды. Оқушыларға құқықтық тәрбие, адамгершілік қасиеттері, жүріс-тұрыс әдебі жайында дәрістер оқылып, тренинг-жаттығулармен жалғасын тапты. Оқушылардың құрбылық, достық қарым-қатынаста екендіктері байқалды. Достарының пікірі маңызды орында болатындығын көрсетті.

5. Жас мамандарға сұраныс бойынша кеңес берілді. Кеңеске 3 жас маман келді. Сабақ процесіндегі келеңсіз жағдайлар мен түсініспеушілік туралы мәселелері талқыланды. Мәселені шешу мақсатында мотивациялық ұстанымдар мен шыдамдылық жаттығулары ұсынылды.

6. «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез құлықтың алдын алу» бағдарламасы негізінде «Қауіп-қатер тобына алынатын оқушымен жеке сұқбат жүргізіліп, кеңестер берілді. Стрессте, үрейленіп жүрген оқушыларға мотивациялық видеороликте, нейрожаттығулар, сергіту жаттығулары, жағымсыз эмоцияны қағазға жазу әдістері ұсынылды.

6. Күйзеліске теориялық тұрғыдан хабар беріп, оны бейтараптандыру мен шешу жолын көрсету мақсатында, олимпиада қатысушыларына «Күйзеліс және оның алдын алу жолдары» тақырыбында сұхбаттасу жүргізілді. Сұхбаттасуға 15 оқушы қатысты.

7. Мектеп оқушылары арасында бір-бірінің ізіне түсудің алдын алу, баланың күйзеліс жағдайы мен агрессия кезінде өзін-өзі ұстай білуіне көмектесу мақсатында «Буллинг және кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында 5-8 оқушыларына дәріс – тренинг жүргізілді. Өзгеден зорлық-зомбылық көрмеудің, өзін қорғай білу әдістерін, өзгеге көмек көрсетудің маңыздылығы туралы ақпараттар берілді.

8. «Отбасы тәрбиесі- бала болашағының ролі», «Ризашылық –мейірімділік бұлағы», «Отбасы құндылығы» тақырыбында ата-аналарға арналған психологиялық тренинг-жаттығулар ұйымдастырылды. Оған барлығы 48 ата-ана қатысты. Отбасының бала тәрбиесі үшін маңыздылығы айтылды. Сол тарапта мейірімділік танытуда жаттығулар жүргізілді. Күнделікті баланы құшақтап тұрудың өзі жағымды энергия алмасу болатындығы айтылды. Практика жүзінде көрсетілді.

«Баланың жас ерекшелігіндегі психологиялық өзгерістер» ата-аналарға тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренингте баланың физиологиялық-психологиялық өзгерістері туралы ақпарат беріліп, тренинг-жаттығулармен жалғасын тапты.

9. Оқушыларға мамандық таңдау мүмкіндіктері мен бағыт — бағдарын беру. Мамандық әлемінде өзін — өзі тани білуіне дүниетанымын кеңейту және қоғам алдындағы үлкен жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында 9-11 сынып оқушыларына «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай білде талап қыл!» тақырыбында дәріс-тренинг жүргізіліп, 66 бала қамтылды.

10. 2-3сынып оқушыларына көңіл-күй жаттығулары жүргізілді. Жаттығуда оқушылардың өзін-өзі ұстауы, өзгені сыйлауы жайында жаттығулар жүргізілді. Жаттығуларға белсенділік танытып сергіту жаттығуларын ерекше екпінмен қайталап, жатқа орындап шықты.

11. «Мейірімді болса жүрек- орындалар тілек», «Антистресс» тақырыбында ұжымға тренингтер жүргізілді. Ұжымнан тренингке 45 мұғалім қатысты. Тренингтің негізгі мақсаты жағымды қарым-қатынас, ашу-ызадан арылу, кикілжіңнің алдын алу болды. Ұжымдастар тарапынан кері байланыс ретінде жағымды көңіл-күй, жағымсыз эмоцияны шығару әдістері болды.

Жыл бойына мұғалімдерге психологиялық кеңестер, ұсыныстар беріліп отырады.

12. Үлгерімі төмен оқушылармен жыл бойы жұмыс жүргізе отырып, үлгерімі төмен оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік білім стандартын меңгеру мақсатында үлгерімі төмен оқушылармен тернингтер өткізілді.

IV. Консультациялық бағыт бойынша:

Мақсаты: Педагогикалық — психологиялық сүйемелдеумен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, педагогтердің, ата — аналардың психологиялық сауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталған.

1.1-11 сынып білім алушыларына жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардан келісім алынды. Баланы психологиялық сүйемелдеу төмендегілерді қамтиды: психологиялық диагностика, консультация беру, тренингтер (жеке, топтық).

2. 1 сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделуіне ата-аналарына психологиялық кеңестер жүргізілді. Кеңестер жазылған брошюралар таратылды.

3. «Отбасы құндылығы» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренингке 27ата-ана қамтылды. Кері байланыс болды.

4. «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман», «Әріптестік қарым-қатынас» тақырыбында психологиялық теринг өткізілді. Мақсаты: Педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, психологиялық қолдау көрсетіп дамыту. 17 жас маман қамтылды.

5. «Жасөспірімдердің физикалық- психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша жасөспірімдерді сауалнамаға қатыстыру үшін ақпараттық келісім алу мақсатында 8-сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыстар өткізілді.

6. 4,11 сынып ата-аналарына психологиялық кеңес ұсынылды. Баламен қарым-қатынас құруда психологиялық қолдау көрсетіліп, әдіс-тәсілдер ұсынылды.

7. Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез – құлықтың алдын алу бағдарламасы негізінде 8сынып оқушыларына дәріс оқылды. Дәріске 63 оқушы қамтылды.

8. «Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек!», «Қарым-қатынас жарасымы» атты педагогтарға арналған психологиялық тренинг. Қатысқандар саны: 32. Мақсаты: Педагогтарды ұйымшылдыққа , жаңашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой қиялын арттыру,сонымен қатар педагогтардың эмоциялық көңіл күйін көтеру, топтасып ұжыммен жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

9. Сұраныс бойынша жыл бойына ата – аналарға кеңес беріліп отырды.

10. 2-3 сынып оқушыларына арналған ойындар, жаттығулар мен тренингтер. Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін дамыту, қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.

11. «Өмірдің бақытты сәттері» тақырыбында 11 сыныптарға дәріс-сабақ ұйымдастырылды. Дәріске 34 оқушы қатысты. Қмір құндылықтары мен адамгершілік қасиеттері туралы пікірлерін білдіріп, өзара пікір алмасу болды.

2021-2022 оқу жылы бойынша:

Кеңес беру журналына тіркелген оқушылар саны- 43.

Кеңес алуға -19 ата-ана, 8 мұғалім келді.

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Мақсаты: Білім алушыларға, педагогтерге, ата – аналарға арналған психологиялық көмекті ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру.

1. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасайтын мамандарға психологиялық қолдау көрсетіліп, дәрістер жүргізілді.

2. «Қыз бала тәрбиесі мен тазалығы», «Қыздар гигиенасы», «Жыныстық өмір дегеніміз не?», «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында мектеп медбикесімен бірігіп ақпараттық тренинг - жаттығулар жүргізілді. Қыз балаларға жыныстық өмірдің мәні, өз тәртібі мен мінез - құлығын саналы түрде реттеу қабілетін қалыптастыру, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында кеңестер берілді. Барлығы 120 қыз бала қамтылды.

3. «Зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында 9-10 сыныптар арасында дөңгелек үстел өтіп, оқушыларға зорлық-зомбылықтың алдын алу және оны болдырмаудың жолы жайында ой тасталып, 43 оқушы қатыстырылып өз пікірлерін ортаға салды.

4. Әлеуметтік педагогтармен бірге мұқтаж жандарға қамқорлық акциясы ұйымдастырылды.

5. «Сеземіз, танимыз, ойнаймыз» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына тренинг-жаттығулар жүргізілді.

6. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына тренинг ұйымдастырылды. Мектеп инспекторы құқықтық тәрбие туралы ақпарат беріп, тренинг жаттығулармен жалғасын тапты. Барлығы 331 оқушы қамтылды.

7. «Ата-ананың педагогикалық-психологиялық күзіреттілігі бала саулығының кепілі» тақырыбында ақпараттық дәріс сабақ өткізілді. Дәріске 15 ата-ана қатысты.

VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер.

1. I жарты жылдық бойынша атқарылған психологиялық жұмыстардың есебі аудандық білім бөліміне жіберіліп отырды.

2. Зорлық зомбылықтың және суицидтің алдын алу бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтері уақытында аудандық білім бөліміне жіберіліп отырды.

3. Қауіпті сайттарға кірудің алдын алу, сенім поштасы бойынша психологтың сандық мәліметі аудандық білім бөліміне және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына ай сайын көрсетіліп отырды.

Мектеп психологтары:



Қожаназарова Б.С
Отебаева А.К

